

**ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕЛЕНІП ЖАТҚАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА
(ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНЕ) ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ «Балбөбек»
КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1.1. Шағын орталық «Балбөбек» -ның кеңес беру пункті (бұдан әрі - КП) «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес мектепке дейінгі ұйымға қатыспайтын 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

1.2. Осы ереже МДҰ-да жұмыс істейтін кеңес беру пунктінің қызметін реттейді.

1.3. Кеңес беру пункті мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.4. Ата-аналардың өтініші бойынша отбасымен тікелей жұмысты МДҰ әдіскері жүзеге асырады.

2. Кеңес беру пунктінің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Кеңес беру пункті отбасылық және қоғамдық тәрбиелеудің біртұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, МДҰ-ға қатыспайтын балалардың тұлғалық жан жақты дамуына қолдау көрсету мақсатында құрылады.

2.2. Кеңес беру пунктінің негізгі міндеттері:

- МДҰ-ға қатыспайтын балаларды дамытуға жағдайларды қамтамасыз етуде ата-аналарға (заңды өкілдерге) жан жақты көмек көрсету;

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамытудың түрлі мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдеріне) кеңестер беру арқылы көмек көрсету;

- МДҰ қатыспайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруде жәрдем көрсету.

3. Кеңес беру пунктінің қызметін ұйымдастыру

3.1. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру мамандардың: медицина қызметкерінің, педагог-психологтың, тәрбиешінің, қызметін біріктіру негізінде құрылады.

3.2. Кеңес беру пункті қызметінің негізгі нысандары арналған дәрістер, ата-аналар (заңды өкілдер) үшін теориялық және практикалық семинарларды, ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұрауы бойынша жеке және топтық кеңестер ұйымдастыру, жазбаша өтініш, телефон қоңырауы және т.б. бойынша сырттай кеңестер беруді ұйымдастыру болып табылады.

3.3. Ата-аналар (заңды өкілдер) үшін білім беру мәселелерінде сауаттылықты арттыру және педагогикалық және түзету білімдері саласында түсініктерді кеңейту бойынша семинарлар (вебинарлар, кеңестер, ұсынымдар) өткізу.

4. Кеңес беру пунктті басқару және оған басшылық ету

4.1. Кеңес беру пунктінің қызметін ұйымдастыруды басқару және оған басшылық ету осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4.4. Кеңес беру пунктінің ағымдағы жылдың ішінде қыркүйектен - мамырға дейін тегін жүзеге асырылады.

4.5. Кеңес беру пунктінің жұмысына жалпы басшылықты мектепке дейінгі ұйымның әдіскері жүзеге асырады, соның ішінде:

- жұмыс жоспарына сәйкес кеңес беру пунктінің жұмысын қамтамасыз етеді;

- Кеңес беру пунктінің жылдық жұмыс жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.

4.6. Кеңес беру пунктінің ұсынатын қызметтері:

- Ата-аналарды (занды өкілдерді) ағарту - барлық отбасы мүшелері тарапынан балаға тәрбие беруде бірыңғай талаптарды әзірлеу мақсатында, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, ата-аналарды әртүрлі цифрлық жұмыс нысандары: кеңес беру (психологиялық, түзету, педагогикалық), ата-аналарды бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік ықпалдың негізгі бағыттары, дағдарысты жағдайларды еңсеру туралы хабардар ету.

5. Кеңес беру пунктiнiң құжаттамасы

Кеңес беру пунктiнiң қызметiн қамтамасыз ету үшiн мынадай құжаттама жүргiзiледi:

- * МДҰ-ға қатыспайтын ата-аналар (занды өкiлдер) мен балаларға арналған кеңес беру пунктi туралы Ереже;
- * Кеңес беру пункттi ашу туралы бұйрық;
- * Кеңес беру пунктiнiң жұмыс жоспары;
- * Өтiнiштердi тiркеу журналы;
- * Ата-аналардан өтiнiш.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Ереже МДҰ басшысының бұйрығы шыққан сәттен бастап күшiне енедi.

6.2. Ереженiң қолданылу мерзiмi шектелмеген.

Бұл Ереже жаңасын қабылдағанға дейiн қолданылады